

Өмір қауіпсіздігі ережелері

1. Жалпы оқу кабинеттерінде жүгіруге, ойнауға, мектеп мүлкіне зиян келетін іс - әрекеттер жасауға тыйым салынады.
2. Тоқ сымдарына, қос тілді розеткаларға, штеккерлерге тиісуге және кабинетте тұрған жабдықтарды мұғалімнің рұқсатынсыз жылжытуға тыйым салынады.
3. Сыртқы киіммен және екінші аяқ киімсіз кабинеттің ішіне кіруге болмайды, мектепке кіре берісте сыртқы аяқ киімді шешіп, арнайы орынға қойып кету керек. Сырт киім ілетін шкаф, ілгіштерге іліп қою керек. Екінші аяқ-киім міндетті түрде болу керек.
4. Сабақ аяқталғаннан кейін орындықтар мен пайдаланған құралдарды орнына қойып, оқу кабинетін ретке келтіріп кету керек.
5. Мұғалімнің рұқсатынсыз кабинеттен, мектептен шығып кетуге болмайды.
6. Мектепке көп ақша, бағалы заттарды алып келуге тыйым салынады, егер алып келіп, жоғалған жағдайда мектеп әкімшілігі оған жауап бермейді.
7. Мектептен тыс өтетін іс –шараларға қатысқан кезде (қалалық концерттер, көрмелер, байқаулар, театрға барған кезде т.б.) мұғалімнің нұсқауларын бұлжытпай орындау керек.
8. Егер мектептен тыс өтетін іс –шараларға, басқа қалалардағы, өзге мемлекетте өтіп жатқан байқауларға мектеп әкімшілігін, мұғалімді ескертпей баратын болса оқушының өмір қауіпсіздігі ата-анаға жүктеледі.
9. Мектепке келерде ауа –райына байланысты лайықты киім кию қажет.
10. Көшеде жүру, қоғамдық көлікте жүру ережелерін естен шығармау керек.
11. Оқушы мектепке келу-кету жолында өмір қауіпсіздігін сақтап, абай болуы керек (мектеп баланың келу-кету жолына жауап бермейді)
12. Қыс кезінде (боран, қатты жел, аяз т.б.), көктем уақытында қар еріген кезде абай болу керек.
13. Оқушылар өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға міндетті, алғашқы өрт сөндіру құралдарының орнын білуі тиіс, оқыс жағдайды мұғалімнің нұсқаулығын орындауы қажет.
14. Электр тоқтарынан, жалаңаш сымдарға қол тигізбеу. Резеткелерден абай болу керек.